Бірінші тоқсан барысында үйде оқытылатын оқушылармен «Аялы алақан» онкүндігі өткізілді. Мектепшілік мүмкіндігі шектеулі балалар мен жастар арасында өткізілетін «Аялы алақан» онкүндігінің іс-жоспары жасалынып бекітуге берілді. «Көкейімдегі бар әлем» тақырыбындағы «ашық есік күнін» балалардың ата-аналарына хабарлап, ережесімен таныстырылды. Үйде оқытылатын 6 сынып оқушысы Мажитов Жолдыбай, 8 сынып оқушысы Ақжолтай Қарақат 23.09-03.10.2022ж аралығында «Аялы алақан» онкүндігіне қатыстырылды. Үйде оқытылатын 6 сынып оқушысы Мажитов Жолдыбай, Бахыт Азамат, Абылхасын Жансерік, 8 сынып оқушысы Ақжолтай Қарақаттың тұрмыс тіршілігімен танысу үшін мектеп әкімшілігі тарапынан құрылған топ үйлерін аралады. Үйде оқытылатын 6 сынып оқушысы Мажитов Жолдыбай, 8 сынып оқушысы Ақжолтай Қарақат сыныптастарының сабақтарына қатысты. Оқушылар керемет әсер алып, өз пікірлерімен бөлісті. Сыныптастары оқушыларды жақсы қарсы алды.

30.09.2022ж күні үйде оқытылатын оқушылар Орынбаева Жазира апаймен мектеп мұражайына саяхат жасады. Онда түрлі жабайы аңдарды, киіз үйді, Қазығұрт тауының суретін көріп тамашалап, оқушылардың қолдан жасаған түрлі заттарын көріп тамашалады.

Сонымен қатар үйде оқытылатын оқушылар мектеп кітапханасындағы «Ертегілер әлемі» кітап көрмесімен танысты. Қазақ тілі пәні мұғалімі Нурманкулова Улжалгас апай Робинзон Крузо, Алладин және қырық қарақшы ертегілерімен таныстырды.

30.09.2022ж күні үйде оқытылатын оқушыларға арналған «Аялы алақан» атты концерттік бағдарлама өтті. Концерттік бағдарлама соңында үйде оқытылатын оқушыларға арнап оқушылардың сабақтарына қажетті құрал-жабдықтар мен сыйлықтар таратылды. Іс-шара барысында үйде оқытылатын оқушылардың көңіл – күйлері көтеріліп, жақсы әсер алды. Сонымен қатар өткен тоқсанда 7-9.09.2022ж 9-11 сынып оқушылары арасында «Яссауи мұрасының түркі еліне насихатталуы» тақырыбында эссе байқауы өтіп, байқауға 10 сынып оқушысы Әлім Аяжан жүлделі орынға ие болғанын (пән мұғалімі Ұ.Нұрманқұлова)

26-27.10.2022ж 5-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аймақтық кезеңі өтіп математика пәнінен Ерболқызы Айшабиді (мұғалімі Сатышова Ж.), ағылшын тілінен Седілла Жансезім (пән мұғалімі Абуова А) аудандық кезеңге жолдама алғанын атап өтті.

27.09.2022ж күні 4 сынып оқушылары арасында «Дені саудың-жаны сау» тақырыбында эссе байқауы жүргізілді. Құнды эссе жұмыстары бағаланып, I, II, III орын мадақтамаларымен марапатталды.

28.09.2022ж күні «Денсаулық-зор байлық» тақырыбында Таскулов Бақдаулеттің ұйымдастыруымен 3 сынып оқушыларымен эстафеталық жарыс жүргізілді. Жарыс өте қызықты, әрі әсерлі болды. Оқушылардың топтық жарысының нәтижесінде жеңімпаз топтар I, II, III орын мадақтамаларымен марапатталды.

04.11.2022ж 8 сынып оқушыларына арналған «Iqanat» олимпиадасының аймақтық кезеңі өткенін, нәтижесі алдағы уақытта белгілі болатынын айтып өтті.

Қаулы:ұсыныс

1. Аймақтық кезеңге жолдама алған оқушыларды өз деңгейінде дайындау пән мұғалімдеріне жүктелуге ұсыныс
2. II тоқсанда олимпиада, байқауларға оқушыларды қатыстыру сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне жүктелуге ұсыныс
3. Тарих және география пәндері ӘБ апталығы уақытында «Менің кіші Отаным» атты байқауды кіріктіруге ұсыныс

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Муздыбаева Г.К

тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Байшанова Шолпан 1-ші тоқсан барысында тәрбие саласында атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Атап айтқанда тәрбие жұмысы оқушыларды адамшылық пен имандылыққа, отансүйгіштікке, азаматтыққа, рухани өнегелікке баулу арқылы дұрыс өмір сүре білуді түсінген және жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруды көздей отырып жүргізіліп келеді. Осы мақсатта 5 қыркүйек – Тілдер мерекесіне орай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Ұ.Нурманкулова мен Н.Омарованың ұйымдастыруымен " Тіл - тілегім, соғып тұрған жүрегім" атты , Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жылдығына орай кеш өткізілді. Онда 10-11 сынып оқушылары ақынның өмірі мен шығармашылығымен танысты. Осы тілдер мерекесі қарсаңында музыка пәнінің мұғалімі П.Идрисова "Мен

елімнің болашағымын" атты патриоттық әндер сайысын жоғары деңгейде өткізді. Отбасы күні мерекелеу шеңберінде 2022 жылғы 12 қыркүйек күні "Отбасы - бақыт мекені", ("Семья- основа духовного возрождения") республикалық апталық мектепте өткізілді. Апталықта "Отбасым - менің мақтанышым", "Менің отбасым" тақырыбында 1-11 сынып оқушылары мен ата -аналары бейнетаспалар түсіріп, ата-ана мен перзент арасындағы мейірім бейнеленгенін, өте тартымды іс-шара болғанын атап өтті.

2022-2023 оқу жылында облыстағы кәмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылықпрофилактикасы мен олардың қадағалаусыз және панасыз қалуы мен тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алудың іс-шаралар жоспарын мектепте жүзеге асыру мақсатында ұлдармен және қыздармен жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда:

2022-2023оқу жылы "Қыз Жібек", "Қызғалтақ" қыздар ұйымының жылдық жоспары бекітіліп, кестеге сәйкес 5-11 сынып қыздар арасында 13.09 2022 күні жиналыс өткізілді. Жиналысқа ДТІЖО Ш.Байшанова, мектеп медбикесі З.Қалдыбаева, мектеп психологы Г.Мырзахметова, қыздар ұйымының жетекшісі Н.Омарова, С.Таубаева қатысты. Қыздар жиналысында қыздардың тәртібі мен тазалығы, классикалық үлгідегі мектеп формасы аталып өтілді. Мектеп медбикесі қыз баланың жеке бас гигиенасы туралы түсіндірме жүргізсе, ал мектеп психологы қыздар арасында жақсы қарым-қатынаста болу, достық сезімін жоғарылату мақсатында видеоролик көрсетті.Сонымен қатар Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері Б.Туреханов мырзаның ұсыныс хатына сәйкес ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында 26.09.2022 күні "Қыз Жібек" қыздар клубы Рабат ауыл ауруханасының акушер-гинекологі Б.Нақыпалиева, психологы Г.Изтаева , социолог Д.Абдукаримовамен кездесу өткізілді. Кездесуге 8,9,10,11 сынып қыз балалары қатысты. Жиналыста қыз балалардың арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында әңгімелер жүргізілді. Онда қыздарға ерте жүктіліктің салдары қандай болады, оның адам өмірінде тигізетін келешектегі қауіп-қатері қандай, тағы басқа да осындай үлкен сұрақтардың төңерегінде әңгіме қозғалды.

Сонымен қатар23.09.2022 күні ұлдар жиналысы өткізілді. Мақсаты: ер балалар арасындағы зиянды әдеттердің алдын алу, баланың бос уақытын тиімді пайдалану, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір салтын насихаттау, өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлықты қалыптастыру. Жиналысқа 9,10,11 сынып ер балдары қатысты.Жиналысқа Қазығұрт АПБ ЖПК ЮПТ УПИ полиция лейтенанты Икрам Нурхан Сапарғалиұлы қатысып жасөспірімдердің түнгі сағат 23.00-ден кейін жүруге болмайтыны туралы айтып, түсіндірме жұмысын жүргізді. Сонымен қатар оқу ісінің орынбасары С.Нуржанов, мектептің өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері өз пікірлерін білдірді.

Сонымен қатар 1 қазан қарттар күніне, ұстаздар күні мерекесі ауқымды көлемде атап өтілді. Сонымен қатар 25 қазан Республика күніне орай мектебімізде 10 күндік іс-шаралары өткізілді.

14.10.2022 күні "Жаңа оқу жылында баларды оқыту туралы" жаңа фарматта мектепшілік ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналысқа күн тәртібіндегі мәселелерді қарау мақсатында мектеп директоры Е.Е.Оспанов, ДОТЖО С.Нуржанов, Г.Муздыбаева ,директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары К.Нарбаева ,Ш.Байшанова, мектеп психологы Г.Мырзахметова қатысты. Жиында сынып жетекшілер ата-анамен түзген келісім шарт, буллинг және кибербуллинг жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Ата-аналардың (баланың заңды өкілі) ретінде өмір қауіпсіздігі, мектептің ішкі тәртібіне қойылған мәселелерден хабардар болуды басты назарға ескертіп өтті. Сыныптардағы

жолдан өтетін оқушылардың жол қауіпсіздігін сақтау, жолдан өту кезіндегі қауіпсіздік ережесін сақтау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілеріне жүктеуді ұсынды.

Сонымен қатар мектепте «Дебат қозғалыстары» жобасы аясында 18.10.2022 күні Республика күніне орай 8-10 сынып оқушылар арасында «Әлемге танылған - Қазақстан» тақырыбында ОҚМПУ жанынан құрылған "Болашақ" пікірсайыс орталығының спикерлері Есенгелді Ж., Қамбарбеков Н., Султанова Н., Равил А. кездесу өткізіп, дебат клубының ашылу маусымы жарияланғанын, ендігі кезекте клубтың тоқтаусыз жұмыс жүргізуін қамтамасыз ету қажеттілігі туралы айтып өтті.

Қабылданған қаулы:

1.1. 2022 – 2023 оқу жылының I тоқсаныдағы оқу – тәрбие жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын және оның нәтижелері бойынша төмендегідей міндеттер белгіленіп, жүзеге асырылсын.

- I тоқсандағы мектептің орташа білім сапасынан (46,0%) төмен болған төмендегі сыныптар:

5-А сынып	37,% сынып жетекшісі	Айтбаева.А
6-А сынып	45 % сынып жетекшісі	Жуманова .Ж
6-Б сынып	25 % сынып жетекшісі	Абдукаликова .Б
7-А сынып	28 % сынып жетекшісі	Омарова Н
7-Ә сынып	41,7 % сынып жетекшісі	Шертимова.Г
8-А сынып	37,5% сынып жетекшісі	Нұрманкулова .Ұ
8-Ә сынып	43,5% сынып жетекшісі	Жұпарбек А
9-А сынып	39 % сынып жетекшісі	Абуова А
9-Ә сынып	4,8 % сынып жетекшісі	Құдайбергенова . А
10-А сынып	44,4 % сынып жетекшісі	Таубаева .С
10-Ә сынып	38,5 % сынып жетекшісі	Дос.К
11-А сынып	45 % сынып жетекшісі	Бекназаров М
11-Ә сынып	45 % сынып жетекшісі	Турманов Б

- Сынып жетекшілер білім сапасын арттырудың іс – жоспарын жасап, жүзеге асырсын

1.2. 1-ші тоқсанда мектептің орташа білім сапасынан жоғары көрсеткішке (46,0%) қол жеткізген төмендегі сыныптардың жетекшілерінің еңбегі атап өтілсін:

2-А сынып	60% сынып жетекшісі	Умбеталиева .Р
2-Ә сынып	64 % сынып жетекшісі	Көбеева.Р
3-А сынып	65,2 % сынып жетекшісі	Жанбиров.Б
3-Ә сынып	50% сынып жетекшісі	Исакулова.Г
3-Б сынып	47,6 % сынып жетекшісі	Турганова .Ә
4-А сынып	47,6 % сынып жетекшісі	Куатова.А
4-Ә сынып	60% сынып жетекшісі	Сәрсенова.Г
4-Б сынып	54,2% сынып жетекшісі	Түлебаева.Р
4-В сынып	81% сынып жетекшісі	Мателиева .Ә
5-Ә сынып	63 % сынып жетекшісі	Сатышова Ж
6-А сынып	47,6 % сынып жетекшісі	Омартай З

1.3.Білім сапасында олқылықтар бар оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізу пән мұғалімдеріне жүктелсін.

1.4. Пәндер бойынша білім сапасының өзгерісі туралы есеп дайындап хабарлама жасау ДОЖБО С.Нуржановқа жүктелсін.

1.5. 2022-2023 оқу жылының 1 тоқсанында тәрбие саласы бойынша өткізілген жұмыстар «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

1.6. Мектепте өткізіліп жатқан жұмыстар барысымен ата-аналарды хабардар ету мақсатында іс-шаралар бейнеленген роликтер мен суреттерді инстаграмм, фейсбук парақшаларына үнемі жариялап отыру жауапкершілігі ДТЖБО Ш.Байшановаға жүктелсін.

1.7. Сыныпта оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету сынып жетекшілеріне, сабақ үстінде пән мұғалімдеріне жүктелсін.

1.8. Пән кабинеттерінде, спорт залда, дене тәрбиесі және көркем еңбек сабақтарында оқушыларды қауіпсіздік ережесімен таныстыру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету кабинет зертханашысына, пән мұғалімдеріне жүктелсін.

1.9. Жолда жүру ережесімен таныстыру сынып жетекшілеріне және мектептегі «Балалардың жол транспорты қозғалысы жазмышын сақтау» қоғамының инспекторы болып ұымдастырушы педагог Урисбаева Анар бекітіліп, А.Урисбаеваға жүктелсін.

2.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары Мұздыбаева Гүлзира 2022-2023 оқу жылындағы пәндер олимпиадасының нәтижелеріне талдау бойынша хабарлама жасады. Атап айтқанда:26.09-13.10.2022ж жалпы білім беретін пәндер бойынша мектепшілік пәндер олимпиадасы өткізіліп, жалпы мектеп бойынша 7-11 сыныптардан мектепшілік олимпиадаға 158 оқушы қатысып, оның ішінде 9-11 сынып оқушылары арасынан 31 оқушы аймақтық пәндер олимпиадасына жолдама алған. Аймақтық пәндер олимпиадасына қатысқа 31 оқушының 12-сі аудандық кезеңге жолдама алды.

Р/с	Оқушының аты - жөні	Қатысатын пәні	Сын.	Пән мұғалімдері
1	Әлім Аяжан	Қаза тілі мен әдебиеті	10	Нурманкулова У
2	Ережеп Нұргүл	Орыс тілі мен әдебиеті	9	Раева А
3	Мұхтар Ерасыл	Ағылшын тілі	9	Кудайбергенова А
4	Ержанқызы Адина	Ағылшын тілі	11	Абуова А
5	Байзақ Гүлсезім	Математика	9	Шертимова Г
6	Юлдашова Балжан	Информатика	9	Жұпарбек Балжан
7	Забыхан Қарақат	Биология	10	Сисенгалиева Л
8	Өмірзақ Ақмарал	Биология	11	Қараш Ж
9	Қасымбек Нұрайлым	География	10	Турманов Б
10	Сапарбек Аяулым	Тарих	11	Тагаев Ж
11	Амирова Фариза	Құқық негіздері	10	Қалшабек Б
12	Мелдебек Айкен	Құқық негіздері	11	Қалшабек Б

21.10.2022ж Мектепшілік математика пәнінен «Логикалық есептер» сайысы 2-4 сыныптар аралында өтті. 2 сынып-16, 3 сынып-19, 4-сынып-37, жалпы 72 оқушы қатысты. Нәтижесінде I орын алған төмендегі оқушылар аймақтық кезеңге жіберіледі.

Р/с	Оқушының аты-жөні	сынып	Сынып жетекшісі
1	Фатай Ерфахшад	2 «Ә»	Кобеева Р
2	Сейдилла Балайым	3 «Ә»	Исакулова Г
3	Бегман Айым	4 «А»	Куатова А

Сонымен қатар 26-27.10.2022ж 5-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аймақтық кезеңі өтіп математика пәнінен Ерболқызы Айшабибі (мұғалімі Сатышова Ж.), ағылшын тілінен Седілла Жансезім (пән мұғалімі Абуова А) аудандық кезеңге жолдама алғанын атап өтті.

Сонымен қатар аты аталған оқушылармен қосымша сабақтар өткізіп олимпиаданың келесі кезеңіне оларды дайындауды пән мұғалімдеріне жүктеу қажеттілігі туралы атап өтті. Сонымен қатар пән апталықтары барысында аптплық жоспарына түрлі байқаулар мен пән олимпиадаларын өткізуді қолға алсақ деген ұсынысын атап өтті.

2. Қабылданған қаулы:

- 2.1. Аудандық олимпиадаға жолдама алған оқушыларды өз деңгейінде дайындау пән мұғалімдеріне жүктелсін.
- 2.2. II тоқсанда олимпиада, байқауларға оқушыларды қатыстыру сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне жүктелсін;
- 2.3. Пән апталықтары барысында түрлі байқаулар мен олимпиадаларды кіріктіру қолға алынсын;

3. Тыңдалды

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша ДОЖБО С.Нуржанов 2022-2023 оқу жылының I тоқсандағы күнделік. кз электронды журналдың жүргізілу барысына тоқталып өтті. Ол, жыл басынан электронды журналды толтыру барысы өз дәрежесінде екенін, дегенде кейбір мұғалімдер оқушылардың күнделікті қойылатын формативті балы, БЖБ және ТЖБ балын қою барысында қойылған бағаны қайта жөндегендігі анықталғанын айтып өтті. Атап айтқанда: Ағылшын тілі пәнінің Байшымырова Меруерт, орыс тілі пәнінің мұғалімі Раева Айгуль, информатика пәнінің мұғалімі Иманбердиева Айжан, Бастауыш сынып мұғалімі Көбеева Раушан, тарих пәнінің мұғалімі Орынбаева Жазира, тарих пәнінің мұғалімі Пазылова Сандуғаш, физика пәнінің мұғалімі Жорабекова Салтанат, Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Омарова Назгүлге күнделік кз бойынша жіберген кемшіліктері үшін «ескерту» беруді ұсынды.

Қабылданған қаулы:

2022-2023 оқу жылыда I тоқсандағы күнделік.кз толтыру барысында кемшіліктерге жол берген төменде аты аталған мұғалімдерге «ескерту» берілсін:

1. Раева .А орыс тілі пәнінің мұғалімі
- 2.Иманбердиева .А информатика пәнінің мұғалімі
- 3.Байшымырова .М ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
- 4.Көбеева .Р бастауыш сынып мұғалімі
5. Орынбаева .Ж тарих пәнінің мұғалімі
- 6.Пазылова .С тарих пәнінің мұғалімі

- 7.Жорабекова .С физика пәнінің мұғалімі
8.Омарова .Н қазақ тілі пәнінің мұғаліміне
ескерту берілсін.

3.2. « Күнделік кз» Электронды журналын сапалы, ұқыпты жүргізілуін қамтамасыз ету пән мұғалімдеріне жүктелсін.

4.Тыңдалды

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Е.Е.Оспанов PISA халықаралық зерттеу жұмысына мектепшілік жоспар түзіліп, жоспар бойынша дайындық жұмыстарының жүргізілуін, сонымен қатар мектепте 15 жастағы оқушылардың қамтылуы керектігін айтты. Осы оқушылардың статистикасы бақыланып отырғанын жеткізді.

«Білім алушылардың функционалды сауаттылығын арттыруға бағытталған педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты педагогтерге арналған онлайн курсты барлық пән мұғалімдері оқып, сертификат алу керектігін ескертті. Бұл бағдарламаның мазмұны өзекті педагогикалық мәселелерді шешуге, яғни білім алушылардың функционалды сауаттылығын PISA халықаралық зерттеуінің талаптарына сәйкес арттыруға, PISA зерттеуінің балама тапсырмаларын әзірлеуде, сабақ барысында пайдалануда және бағалауда педагогтер әдістемелік көмек көрсетуге бағытталғандығын жеткізді.

PISA халықаралық зерттеуіне жауапты директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Нуржанов Мектептерге арналған PISA және дәстүрлі PISA арасындағы негізгі айырмашылықтар мен жалпы сипаттамаларға тоқталды. «Мектептерге арналған PISA» артықшылықтарын слайдпен түсіндірді.Зерттеудің бағалау жүйесі: күрделілік деңгейлерін жеке – жеке талдады.Әлеуметтік-экономикалық жағдайы ең жақсы және ең нашар оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану сауаттылықтары бойынша нәтижелерін көрсетті. Пәнаралық тапсырмалар жиынтығын түсіндіріп өтті.

Апталық кеңесті қорытындылай келе төмендегідей шешім қабылдады

4.Қабылданған қаулы:

1.1 Мектепте білім алушылардың **функционалды сауаттылығын арттыруға бағытталған жұмыстар іс-жоспары жасалып бекітілсін.**

4.2.PISA халықаралық зерттеуіне дайындықты жоғары деңгейде жүргізу пән мұғалімдеріне міндеттелсін.

5.Тыңдалды

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша әлеуметтік педагог Арибжанова Жұлдыз хабарлама жасады. Ол мектептегі оқушылардың әлеуметтік жағдайына тоқталып өтті. Атап айтқанда: жартылай жетім оқушылар саны-24, әлеуметтік жартылай жетім оқушылар-19, тек анасымен тұратын оқушылар саны-31, туыстарының бірі (әкесі не анасы) психикалық ауытқуы бар семьяда тұратын оқушылар саны-5, зейнеткер ата-ана тәрбиесіндегі оқушы саны-12, көпбалалы 19 жанұяда тұратын оқушы саны-67, әлеуметтік көмек алатын 13 жанұяда тұратын-27 оқушы, ата-анасының екеуінде жұмыс істемейтін жанұяда-41 оқушы, мүгедек ата-ана тәрбиесінде-15 оқушы, қорғаншылықтағы (тұл жетім) 3 оқушы, мүгедектігі бар 6 оқушы бар екенін атап өтті. Олардың ішінде 4 оқушы үйде оқытылса, 16

оқушы 1 проценттік қор есебінен, 2 оқушы демеушілер есебінен ыстық тамақпен қамтылған. Тамыз айында қамқорлық акциясы ұйымдастырылып аталған санаттағы 12 оқушыға аяқ киім, мектеп формасымен толық қамтылды. Мектебіміздің мұғалімі А.Құдайбергенова 150 000 тг көлемінде демеушілік жасады. Қазақстан Республикасы үкіметінің 2008 жылдағы 25 қаңтардағы №64 қаулы тамыз айында мемлекеттік атаулы көмек алатын жан басына шаққанда табысы, күн көріс деңгейі төмен отбасылардың тізімі алынып, он төрт отбасы анықталып 28 балаға 37709 тг ден көмек берілді және мектебіміздегі 3 тұл жетім ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 3 оқушыға ақшалай көмек берілді. Мемлекеттік атаулы көмек алмайтын жанбасына шаққанда табысы төмен отбасыдан 10 отбасы анықталып өтінішпен 10 балаға 37709 тг көлемінде көмек берілді. Әлеуметтік төл құжат жасалынды. 1% қор есебінен тоғыз оқушыға аяқ киім берілді. Демеуші есебінен 1 оқушыға аяқ киім берілді. 2022-2023 оқу жылында мектеп педагогы Нарбаева Халима демеушілік жасап жартылай жетім отбасынан шыққан екі оқушыны толық мектеп киімімен және оқу құрал саймандармен толық қамтамасыз еткенін атап өтті. Сонымен қатар Ж.Арибжанова сынып жетекшілерден қажетті ақпараттарды алуда кейбір жетекшілердің жауапсыздық танытатыны, демеушілер табуда көпшілік болып атсалысуды ұсынды.

4.Қабылданған қаулы:

1. Әлеуметтік педагогтар Ж.Арибжанова мен Ж.Жиренбаеваның жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Демеуші табуға жан-жақты атсалысу ұжым мүшелерінен сұралсын.
- 3.Сынып жетекшілерден сұралған мәліметтерді дер кезіндеу жіберіп отыруы талап етілсін.

Кеңес төрағасы:

Е.Оспанов

Хатшысы:

Г.Мырзахметова

Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Хаттама № 02/1

Рабат ауылы

23.12.2022ж.

Педагогикалық кеңес мәжілісі

Төрағасы – Е.Оспанов

Хатшысы – Г.Мырзахмедова

Қатысқандар – 63 адам

Күн тәртібінде:

1.2022-2023 оқу жылында электронды журналды Kundelik.kz журналынан Bilim Land-ге көшу туралы.

2. 2023-Жаңа жыл мерекесін мектепшілік атап өтуді ұйымдастыру және оқушылар қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы.

3.1984-1985 оқу жылында Қ.Әбдәлиев (бұрынғы Жданов) атындағы орта мектебін бітірген Пернебеков Жарқын Ахметовичтің «Жалпы орта білім туралы аттестатының» жоғалуына байланысты орнына дубликат беру туралы.

1.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Е.Оспанов хабарлама жасады. Ол осы күнге дейін мектепте оқушылардың ағымдағы формативті бағаларын қою, БЖБ, ТЖБ, тоқсандық, емтихан, қорытынды жылдық бағаларын қою Kundelik.kz журналы арқылы жүргізілгенін атап өтті. Сонымен қатар екінші тоқсан барысында Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Bilim Land» цифрлық білім беру платформасын білім беру ұйымдарына енгізу туралы 15.11.2022 жылғы №27-06-08/67 хаттамалық тапсырмасын және Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 18.11.2022 жылғы №30/01-14/251 хатына сәйкес шығарылған мектеп директорының 21.11.2022 жылғы «Bilim Land» цифрлық білім беру платформасын енгізу туралы» №240 бұйрығы шығарылған күннен «Bilim Land» цифрлық білім беру платформасының электронды журналын енгізу қолға алынып, осы журналды жүргізу жолдарын үйрену мақсатында жұмыстар жүргізілгенін айтып өтті. Атап айтқанда:

- «Bilim Land» цифрлық білім беру платформасының электронды журналын енгізуді мұғалімдерге үйрету мақсатында семинарлар ұйымдастырылды;
- қажетті материалдарды (сабақ кестесі, сыныптар тізімі, бөліп оқытылатын пәндердегі топтар, КТЖ ендіру және т.б) ендіру жұмыстары жүргізілді;
- Bilim Land журналын толтыру жолдарын игеруді жетілдіру мақсатында іс-тәжірибе жинақтау үшін Төлеби ауданындағы мектептермен тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілгенін айтып өтті.

Сонымен қатар «Bilim Land» цифрлық білім беру платформасын пайдалану барысында сабақ өтуге қажетті материалдарды алуға болатынын, бір мезгілде екі бірдей журналды жүргізуге болмайтыны туралы айта келіп «Bilim Land» цифрлық білім беру платформасының электронды журналын толтыруға ұсыныс жасады.

Келесі кезекте сөз алған педагог қызметкер Б.Қалшабеков білім саласындағы өзгерістер туралы өз ойын айта келе, егер қажеттілік болса «Bilim Land» цифрлық білім беру

платформасының электронды журналын толтыруға дайын екенін айтып өтті. Ұсынысты жиналысқа қатысушы педагогтар бірауыздан қолдады.

1. Қабылданған қаулы:

1.1.Мектеп«Bilim Land» цифрлық білім беру платформасының электронды журналын толтыруға көшірілсін;

1.2.«Bilim Land» цифрлық білім беру платформасының электронды журналының өз дәрежесінде жүргізілуін қамтамасыз ету, техникалық сүйемелдеуді үйлестіруді қамтамасыз ету Қ.Ақшабайға жүктелсін;

1.3.Осы қаулының орындалуына бақылау мен басшылық жасау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Нуржановқа жүктелсін;

2.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі келесі мәселе 2023-Жаңа жыл мерекесін мектепшілік атап өтуді ұйымдастыру және оқушылар қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Нарбаева хабарлама жасады. Ол Жаңа жыл мерекесін атап өту кестесімен таныстырып, Жасыл шырша кешін 28-29 желтоқсан күндері өткізуді ұсынды. Сонымен қатар мереке күндері оқушылардың қауіпсіздігі, түрлі дәрежедегі кештерді мектептен тыс өткізбеді, түнгі мезгіліндегі оқушылардың жүрісі, пикардаларды атпауы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу туралы айта келіп, кешкі мезгілдегі адам көп шоғырланатын жерлерге қойылған кезекшілік кестесімен таныстырып өтті.

2. Қабылданған қаулы:

2.1.Сыныптар бойыншаұсынылған «Жасыл шырша» кештерін өткізу кестесі бекітілсін.

2.2. Оқушылардың мектептен тыс жерлерде түрлі дәрежедегі мерекелік іс-шараларды өткізуіне қатаң түрде тыйым салынып оны қадағалау сынып жетекшілеріне жүктелсін.

2.3. Мереке кездерінде оқушылардың пикардалық жарылғыш заттарды пайдаланбауы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілеріне жүктелсін.

2.4. Оқушылардың беймезгіл уақытта жүрмеуін қадағалау, кесте бойынша бекітілген кезекшілерге жүктелсін.

3.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Нуржанов хабарлама жасады. Ол, 1984-1985 оқу жылында Қ.Әбдәлиев (бұрынғы Жданов) атындағы орта мектебін бітірген Пернебеков Жарқын Ахметовичтің «Жалпы орта білім туралы аттестатының» жоғалуына байланысты орнына дубликат беру туралы өтінішін қанағаттандыруды сұранды. С.Нуржановтың ұсынысы мұғалімдер тарапынан бірауыздан мақұлданды

3. Қабылданған қаулы:

3.1.1984-1985 оқу жылында Қ.Әбдәлиев (бұрынғы Жданов) атындағы орта мектебін бітірген Пернебеков Жарқын Ахметовичтің «Жалпы орта білім туралы аттестатының» жоғалуына байланысты орнына дубликат берілсін.

3.2.Осы қаулыны бекіту аудандық білім бөлімінен сұралсын.

Кеңес төрағасы:

Е.Оспанов

Хатшысы:

Г.Мырзахметова

Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Хаттама № 03

Рабат ауылы

06.01.2023ж.

Педагогикалық кеңес мәжілісі

Төрағасы – Е.Оспанов

Хатшысы – Г.Мырзахметова

Қатысқандар – 68 адам

Күн тәртібінде:

1.2022-2023 оқу жылының 2-ші тоқсанындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындылары және алдағы міндеттер туралы.

2.2022-2023 оқу жылының 2-ші тоқсанында өткен пән апталықтарының қорытындысы туралы.

3. 2022-2023 оқу жылындағы 2-ші жарты жылдықта ыстық тамақты ұйымдастыру туралы.

4. Мектептің кезекті аттестациядан өтуі туралы.

5.МАО тобындағы тәрбиеленушілерге қосымша демалыс беру туралы.

6. Мектеп кітапханашысыН.Дәрменованың «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында атқарған жұмыстар туралы есебі.

7. Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) туралы.

1.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары С.Нуржанов хабарлама жасады. Ол өткен тоқсандағы оқушылардың қозғалысына, білім сапасына тоқталып өтті. Атап айтқанда: оқу жылының басында 613 оқушымен бастап, тоқсан барысында 9 оқушы кетіп, 3 оқушы келгенін, тоқсан соңындағы оқушы саны 607 оқушы болғанын, оның 320 қыз, 287 ұл екенін, сонымен қатар, 1-4 сыныптарда 254 оқушы болса, оның 129 қыз, ұлы- 125, 5-9 сыныптарда оқушы саны 262 болса, оның 138 қыз, ұлы- 124, 10-11 сыныптарда оқушы саны 91 болса, оның 53 қыз, 38 ұл екенін атап өтті.

Сонымен қатар сыныптар бойынша оқушылардың білім көрсеткішіне тоқталып өтті.Атап айтқанда:

№	Мұғалімдер аты-жөні	үздік	екпінді	2021-2022 о.ж 2 тоқсан	2022-2023 о.ж I тоқсан	2022-2023 о.ж II тоқсан
1	2-Аумбеталиева.Р	2	12		60	56
2	2-Ә Көбеева .Р	4	11		64	60
3	3-А Жанбирова .Б	3	14	66.67	65,2	74

4	3-Әйсақұлова.Г	1	10	52.38	50	52
5	3-Б Тұрғанова .Ә	5	6	50	47,6	52
6	4-А Қуатова А	5	6	61.9	47,6	55
7	4-Ә Сәрсенова Г	1	12	55	55	65
8	4-Б Тұлебаева Р	3	9	45	54,2	50
9	4-В Мателиева А	4	5	75	81	82
10	5- А Айтбаева .А	3	8	47.8	37	41
11	5 -Ә Сатышова .Ж	3	11	57.7	63	59
12	6-А Омартай Г	3	5	38.1	47,6	40
13	6-Ә Жұманова .Ж	4	7	51.9	45	55
14	6-Б.Абдуқаликова Б		8	32	25	40
15	7-А Омарова Н	3	4	43.5	28	28
16	7-Ә Шертимова Г	1	10	42.1	41,7	50
17	8-А Нұрманқұлова Ұ	2	7	50	37,5	36
18	8-Ә Жұпарбек .А	4	5	45	43,5	39
19	9-А Абуова А	4	7	29.6	39	46
20	9-Ә Құдайбергенова А		3	14.8	4,8	15
21	9-Б Сабитова А		8	60	70	89
22	10-А Таубаева С	7	6	40	44,4	50
23	10-Ә Дос.К	2	8	15.8	38,5	40
24	11-А Бекназаров М	6	3	43.5	45	45
25	11-Ә Тұрманов Б	1	8	52.6	45	45
	мектеп бойынша	71	195	45	46,2	49

Сонымен қатар, 2021-2022 оқу жылындағы 2 тоқсанды 2022-2023 оқу жылындағы 1-ші және 2-ші тоқсандармен салыстыра отырып талдау жасады. Атап айтқанда: Өткен жылмен салыстырғанда да, 1-ші тоқсанмен салыстырғанда да біршама ілгерілеушіліктің бар екендігі байқалады. Мектеп бойынша білім сапасы 4 және 2,8 пайызға жоғарылаған. Сонымен қатар сыныптар бойынша өсу немесе төмендеу байқалған сыныптарды атай келе, білім сапасының төмендеуіне септігін тигізуі мүмкін себептер мен салдарларына тоқталып өтті. Атап айтқанда өткен тоқсандағы көрсеткішпен

салыстырғанда 5-А сынып (сынып жетекшісі Айтбаева.А), 6-А сынып (сынып жетекшісі Жуманова .Ж), 6-Б сынып (сынып жетекшісі Абдукаликова .Б), 7-Ә сынып (сынып жетекшісі Шертимова.Г), 9-А сынып (сынып жетекшісі Абуова А), 9-Ә сынып (сынып жетекшісі Құдайбергенова . А), 10-А сынып (сынып жетекшісі Таубаева .С) жасалған сын ескертпеден қорытынды шығарып, білім сапасында өсім деңгейі байқалатынын атап өтті. Дегенде мектептің орта көрсеткішінен төмен болған сыныптар білім сапасын артқа тартатынын ескертті. Атап айтқанда 5-А, 6-А, 6-Б, 7-А, 8-А, 8-Ә, 9-Ә, 10-Ә, 11-А, 11-Ә сыныптары. Аталған сыныптарда білім сапасын көтеру бағытындағы жұмыстарды жүйелендіру керектілігі ескертілді.

Келесі кезекте сөз алған мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мұздыбаева хабарлама жасады. Ол 2-ші тоқсан барысында оқушылардың пән олимпиадалары мен ғылыми жобаларға қатысу барысына және үйде оқытылатын оқушылармен атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Атап айтқанда: 04.11.2022ж 8 сынып оқушыларына арналған «Іqanat» олимпиадасының аймақтық кезеңі өткенін, олимпиадаға 9 оқушы қатысып, I тур бойынша тест тапсырып, олимпиада нәтижесі бойынша 3 оқушы II турға өткенін атап өтті. Сонымен қатар 08.11.2022ж Облыстық жалпы пәндер бойынша мұғалімдер олимпиадасының аудандық кезеңі өтіп, олимпиада нәтижесі бойынша Бақтыбаева Ұлжан III орын және Орынбаева Жазира III орын 15.11.2022ж «Алаш ардақтылары» және «Алаш рухының айбынын асырған аңыз тұлға Шер-аға» атты облыстық сырттай байқауының аудандық кезеңі өтіп, байқауға қатысқан қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Омартай Гулзабира қатысып III орын иеленді.

23.11.2022ж «Ғылымның жаңа толқыны» тақырыбында мектепшілік ғылыми жоба байқауы өткізіліп, байқауға қатысқан 4-9 сынып оқушылары ішінен 8 сынып оқушысы Бақыт Нұрислам «Жыр алыбы – Жамбыл» тақырыбымен бас жүлде, 7 сынып оқушысы Асан Нұрлы, Шады Аяулым «Ноғай ордасы» тақырыбымен 1-ші орын, 9 сынып оқушысы Октябрь Ерасыл «Ақбура әулие киелі орын» тақырыбымен, 4 сынып оқушысы Абдихан Аслан «LEGO конструкторы» тақырыбымен 2-орын иеленгенін атай келе оқушылардың ғылыми жұмыспен айналысуына жетекшілік еткен пән мұғалімдері У. Нурманкулова, Ж.Орынбаева, Р.Түлебаева, С.Пазылова мен А.Мателиеваларға өз алғысын білдірді. Дегенде ғылыми жобаларға, пән олимпиадаларына, түрлі дәрежедегі байқауларға оқушыларды қатыстыру, пән мұғалімдерінің олимпиадаларға қатысулары әр мұғалімнің міндетті жұмысы екенін ескертіп өтті.

Сонымен қатар 29.12.2022ж мектепте ұйымдастырылған жаңа жылдық шырша мерекесіне ерекше білім беруді қажет ететін, жеке үйде оқытылатын оқушылар қатыстырылып, оларға, арнайы жаңа жылдық сыйлықтарды табыстау жұмыстары ұйымдастырылып, оқушылар көңілді әсерде болып, сыныптастарымен бірге жаңа жылдық іс-шараны өткізгендерін атап өтіп, ұйымдастырушылар алқасына алғыс білдірді. Сонымен қатар мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында тәжірибелері мол бастауыш сынып мұғалімдері Мейрбекова Лаззат пен Түлебаева Райхан апайларымыздың мектепшілік іс-тәжірибесін таратуды ұсынды.

Келесі кезекте мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Байшанова 2022-2023 оқу жылында II –тоқсандағы тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстарына тоқталды. Атап айтқанда 18.11.2022 күні "Болашаққа бағдар, Рухани жаңғыру" бағдарламасын жүзеге асыру аясында сынып жетекші жұмысын ұйымдастырудағы жаңашыл бағыттар" тақырыбындағы аудандық семинар өтті. Семинарға ТООО әдіскері Р.Басқараева , ТООО әдіскері Б.Қаймолдаева қатысты. Семинар барысында "Сынып жетекшісінің ата-анамен жүргізілетін жұмыстардың формалары, сынып жетекші жұмысын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері" туралы аудан сынып жетекшілеріне оқыту формаларын талқылады.

Сонымен қатар педагог- психологтар "Сынып жетекші мен оқушы арасындағы психологиялық қарым-қатынасты жақсарту" тақырыбында тренинг, мектеп тренерлері және сынып жетекшілері Шертимова Г.Т, Нурманкулова У.Е ұйымдастыруымен «Үштік одақ: ата-ана, мұғалім, оқушы арасындағы қарым қатынасты жақсарту мақсатындағы әдіс-тәсілдер» тақырыбында шеберлік сабақ, «Білім беру ұйымдарында сынып жетекші мен ата-аналар комитеті өкілдері мен тәрбиелеу үдерісін қамтамасыз ету жолдары»

тақырыбында ДТЖО Қ.Нарбаева,Ш.Байшанова шебер сынып, әлеуметті педагог Ж. Арибжанова "Тәрбиесінде қиындық тудыратын оқушылармен жұмыс жасаудағы әлеуметтік- педагогикалық әдіс-тәсілдері" атты шебер сыныпты жоғары деңгейде өткізіп, семинарға қатысушылар тарапынан семинарда қатысқан ұстаздарға АББ тарапынан марапаттауға ұсынды.

Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің тәлімгері Ералиева Нағиманын ұйымдастыруымен 8-10 сыныптар арасында ҚР Тәуелсіздігінің 31 жылдығына орай "Алтын күз-2022" мектепшілік байқауы өтті. Байқаудың мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерін таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Байқауға 170 оқушы қатысып, байқауға белсене қатысқан оқушылар анықталып мақтау қағазымен марапатталды.

ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы " Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі", Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 4 шілдедегі "Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалау және панасыз қалуының алдын алу" заңы, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі " Білім туралы" заңы аясында 01.12.2022 күні"Зорлық - зомбылықсыз 16 күн " республикалық акциясы. 9-11сынып оқушылары арасында. "Біз- зорлық зомбылыққа қарсымыз" ұранымен өткізілді. **Акцияда " Біз – зорлық - зомбылықсыз отбасы үшін!!!"** бүктемесі таратылып, "Жеті жарғы" клубының жетекшісі Орынбаева Жазира зорлық- зомбылықтың кері әсерлерін айтып өтті.

Мектебімізде жыл басында мобильдік топтар құрылған. Осыған орай кәмелетке толмағандардың арасындағы зорлық –зомбылықтың алдын-алу мақсатында кешкі мезгілде көшеде оқушыларымызды бақылау бойынша кезекшілік кестесі түзілген. Мектепшілік есепте 3 оқушымыз тұрады. Олардың жетекшілері Асан Нурислам- Тағаев Жандар, Мақташ Жанболат – Қуанышбек Берік, Оразалы Жанболат – Амангелдиев Самат ағайларымыз бекітілген.

Тәуелсіздік күніне орай, «Дебат қозғалыстары» жобасы аясында 8-9 сыныптар арасында "Тәуелсіздік биік болсын тұғырың" тақырыбында, қосымша білім беретін педагогы Әбдіәкім Б. ұйымдастыруымен мектепшілік пікірсайысы өткізілді. Пікірсайыс қорытындысы бойынша, аталған білім ордасының "Жалын" фракциясы І орынды иеленді. ІІ орынды "Алғырлар " фракциясы иеленді. Мұндағы мақсат - білім алушылардың Тәуелсіз еліміздің тарихын білуге деген қызығушылықтарын арттыру,Тәуелсіз еліміздің шынайы патриоты болуға, өз Отандарын сүйуге, құрмет тұтуға, аймақтық мектепшілік білім алушылар арасында ынтымақтастықты арттыруға баулу болды.

Құндылығымызды сақтап келер ұрпаққа жеткізу, жастарды елін, жерін құрметтейтін патриоты етіп тәрбиелеу мақсатында мектепте "Қазақстан -Отаным" тақырыбында МАД "А»,»Ә» тобтары (сынып жетекшілері: Сатымбекова Г. Борханова Ұ.) ұйымдастыруымен ашық тәрбие сағаттары, 2 "Ә" сыныбы (сынып жетекшісі Көбеева Р.) "ТӘУЕЛСІЗДІК - ТҰҒЫРЫМ" атты ашық тәрбие сағаты 5 «Ә» сыныбы (сынып жетекшісі: Сатышова Жанерке),"Тәуелсіздік-тұғырым!" тақырыбында 6 "Б"сынып (сынып жетекшісі: Абдукаликова Б. ұйымдастыруымен) ашық тәрбие сағаты, 7 "Ә" сынып оқушылары "Тәуелсіздік- Тұғырым" тақырыбында тәрбие сағаты (сынып жетекшісі Шертимова Г.), "Тәуелсіздік тағдырым!" атты 9 «Ә» сыныбы (сынып жетекшісі: Құдайбергенова А.) тәрбие сағаты өткізіліп, тәрбие сағаттарына ата-аналар, ардагерлер шақырылды.

Сонымен қатар 14 желтоқсан күні ұйымдастырушы педагог, ҚББ педагогы, «Еңлік - Кебек» драмалық клуб жетекшісі, 7 «А» сынып жетекшісі Омарова Назгулдің ұйымдастыруымен Тәуелсіздіктің — 31 жылдығына орай "Тәуелсіздік – тұғырым" тақырыбында мектепшілік іс-шара өткізілді. Аталған іс-шараға ардагер ұстаздар Жиенбек Е., Жумашов О. және ардагерлер кеңесінің төрағасы Сүлеймен Қ. шақырылды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 31 жылдық мерейтойымен қатар келген 5-сынып оқушыларының "Жас Қыран" және " Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы өскелең ұрпақты жоғары рухани -адамгершілік құндылықтарға негізделген Қазақстандық патриотизм рухында қалыптастыру мақсатында 5 «А», «Ә» сынып оқушылары (54) ант қабылдау рәсімі болып өтті. Мектеп оқушылары мектеп президентіне рапорт тапсырып, мектеп президенті директорға рапорт берді. Іс-шара барсында мектебіміздің директоры Е.Е. Оспанов бұлдіршіндерге өзінің ыстық лебізін білдіріп Тәуелсіздіктің 31 жылдық мерекесіне орай құттықтады.

«Облыстық қосымша білім беруді дамыту орталығы» КММ-сі, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне қарасты «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының» 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №12-02/1620-И хатына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім комитеті шахматты насихаттау, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту және жандандыру мақсатында, дене шынықтыру әдіс бірлестігінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай мектебімізде 14.12.2022 күні 4 -11 сынып оқушылары аралығында мектепшілік шахмат жарысы өткізілді.

Тәуелсіздік сияқты ұлттық мерекені бүгінгі таңда қазақ халқы жүрегімен сезінуін, Тәуелсіз елдің ең басты тұғыры ол қоғамның, сол мемлекеттегі жергілікті ұлттың рухы, жігері, қоғамдық санасы екенін білдіру мақсатында мектеп оқушылары арасында " **Менің Туым**" тақырыбында насихаттау жұмыстары жүргізілді. Оқушылары арасында " **Тудың тұғыры биік**" атты тақырыпта сурет көрмесі ұйымдастырылды. Оқушыларға 16-желтоқсан -ата бабамыздың арманы орындалып,жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген Тәуелсіздік күні туралы айтылды.

23.12.2022 күні «Қош бол, сүйікті Әліппем!» атты ертеңгілік өткізілді. Кеше ғана мектеп табалдырығын аттаған 1 «А», «Ә», «Б» сынып оқушыларымыз, білім нәрін сусындатқан Әліппе оқулығымен қоштасты. Сынып жетекшілері: Бойтанова Қ. Мейірбекова Л. Бейсенбаева К.

27-29 желтоқсан аралығында мектебімізде «Қош келдің, Жаңа жыл - 2023» атты мерекелік думан өткізілді. Іс-шара екі күнге бөлініп өткізілді. Іс- шара кезінде кезекшілікке бекітілген мұғалімдер өз дәрежесінде жүргізіп, кеш жақсы аяқталды. Оқушылар мерекелік думанға белсене қатысты, сынып жетекшілерге алғыс айтылды.

Шешім:

1. Жасалған сын ескертпеден қорытынды шығарып, өткен тоқсанмен салыстырғанда білім сапасында өсім деңгейі байқалатын сыныптардағы сынып жетекшілерінің еңбегі атап өтілсін:

5-А сынып (сын. жет. Айтбаева.А)

6-А сынып (сын. жет. Жуманова .Ж)

6-Б сынып (сын. жет. Абдукаликова .Б)

7-Ә сынып (сын. жет. Шертимова.Г)

- 9-А сынып (сын. жет. Абуова А)
- 9-Ә сынып (сынып жетекшісі Құдайбергенова А)
- 10-А сынып (сын. жет. Таубаева.С)

2. І тоқсандағы мектептің орташа білім сапасынан (49,0%) төмен болған төмендегі сыныптар:

- 5-А сынып 41% сынып жетекшісі Айтбаева.А
- 6-А сынып 40 % сынып жетекшісі Омартай Г.
- 6-Б сынып 40 % сынып жетекшісі Абдукаликова .Б
- 7-А сынып 28 % сынып жетекшісі Омарова Н
- 8-А сынып 36% сынып жетекшісі Нұрманкулова .Ұ
- 8-Ә сынып 39% сынып жетекшісі Жұпарбек А
- 9-Ә сынып 15 % сынып жетекшісі Құдайбергенова . А
- 10-Ә сынып 40 % сынып жетекшісі Дос.К
- 11-А сынып 45 % сынып жетекшісі Бекназаров М
- 11-Ә сынып 45 % сынып жетекшісі Турманов Б

сынып жетекшілері білім сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғастырсын.

3. Білім сапасында олқылықтар бар оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізу пән мұғалімдеріне жүктелсін.

4. 2022-2023 оқу жылының І тоқсанында тәрбие саласы бойынша өткізілген жұмыстар «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

5. Мектепте өткізіліп жатқан жұмыстар барысымен ата-аналарды хабардар ету мақсатында іс-шаралар бейнеленген роликтер мен суреттерді инстаграмм, фейсбук парақшаларына үнемі жариялап отыру жауапкершілігі ДТЖБО Ш.Байшановаға жүктелсін.

6. Сыныпта оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету сынып жетекшілеріне, сабақ үстінде пән мұғалімдеріне жүктелсін.

7. Пән кабинеттерінде, спорт залда, дене тәрбиесі және көркем еңбек сабақтарында оқушыларды қауіпсіздік ережесімен таныстыру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету кабинет зертханашысына, пән мұғалімдеріне жүктелсін.

8. Жолда жүру ережесімен таныстыру сынып жетекшілеріне және мектептегі «Балалардың жол транспорты қозғалысы жазмышын сақтау» қоғамының инспекторы болып ұымдастырушы педагог Урисбаева Анар бекітіліп, А.Урисбаеваға жүктелсін.

9. Аймақтық кезеңге жолдама алған оқушыларды өз деңгейінде дайындау пән мұғалімдеріне жүктелсін;

10. ІІІ тоқсанда олимпиада, байқауларға оқушыларды қатыстыру сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне ұсынылсын

11. ІІІ тоқсанда жас мамандардың олимпиадаларға, байқауларға қатысу ұсынылсын

12. Әр бірлестік апталығында ғылыми жоба байқауын жоспарға енгізу ұсынылсын

13. Бастауыш сынып ӘБ апталығында Л.Мейрбекова мен Р.Түлебаеваның іс-тәжірибелері мектепшілік таратуға ұсынылсын

14. Биылғы оқу жылының І жж түрлі олимпиадаға, байқауларға оқушысы және өзінің қатысуы арқылы мектептің көрсеткішіне үлес қосқан ұстаздардың еңбегі еленіп, мектепшілік және аудандық білім бөлімінің грамотасымен марапатталуға ұсынылсын

Атап айтқанда,

АББ-Нурманкулова У

Мектепшілік-

Түлебаева Р

Омартай Г

Орынбаева Ж

Бактыбаева Ұ

15. 2022-2023 оқу жылындағы ІІ –тоқсан тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстар «қанағаттанарлық» деп табылсын

16.Тәрбие сағаттарын өткізген мұғалімдер мектепшілік марапаттарға ұсынылсын, атап айтқанда; Омарова Н., Шертимова Г., Көбеева Р.,Құдайбергенова А., Абдукаликова Б.,Сатышова Ж.,Сатымбекова Г., Борханова Ұ., Мейірбекова Л.,Бейсенбаева К., Бойтанова Қ. және музыка пән мұғалімі П.Идрисова

17.Үйірме, клуб, секция жұмыстарын жүргізілуін үлестіру, кестесін қайта құрып, оқушыларды тарту, жылына кемінде екі іс-шара өткізуді қамтамасыз ету ҚББП

Б.Әбдіәкімге жүктелсін

2.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша математика және информатика әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Г.Шертимова хабарлама жасады. Ол әдістемелік бірлестігінің 2022-2023 оқу жылының 14.11-19.11. аралығында «Математика балалар әлемінде » атты тақырыбында өткен апталықтың қорытындысына тоқталып өтті. Атап айтқанда:

Математика және информатика Әдістемелік бірлестігінде 9 мұғалім жұмыс істейді. Барлығы жоғары білімді. Оның: үшеуі-педагог –зерттеуші, үшеуі-педагог-сарапшы, біреуі педагог-модератор, екеуі санатсыз мұғалімдер. Әдістемелік бірлестігіндегі 9 мұғалімнің біреуі «Тәжірибедегі рефлексия» курсының тренері, біреуі «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» курсын және «Билингвалды Пән Мұғалімі»бағдарламасының А2 деңгейдегі ағылшын тілі курсын, үш мұғалім «Жаңартылған білім мазмұны» курсын бітірген.

Апталықтың өту барысының жоспарын әдістемелік отырыста талқыланып бекітілгенін, мектеп дәліздері тақырыпқа сай,ерекше талғаммен безендірілгенін,

«Мені қызықтырған әлем... » тақырыбында қабырға газеттерінің байқауына барлық 5-11 сыныптары қатысатыны хабардар етілгендігі және байқау қызықты өткендігін атап өтті. Сонымен қатар мектеп тренері Г.Шертимова «*Сабақта табысқа жетуге жағдай туғызу тәсілдері*» тақырыбында мұғалімдерге шеберлік-сынып өтіп жаңа форматтағы сабақтарда «КУБИЗМ»әдісін пайдалану, қалыптастырушы бағалауда өзін-өзі бағалауды, «Телефон» арқылы бағалауды және №472 бұйрықпен жасалынған қысқа мерзімді жоспарды басшылыққа алуды ұсынды.

Сонымен қатар,14.11. күні Сатышова Ж. 8-Ә сыныбымен «Квадрат теңдеу. Квадрат теңдеулердің түрлері» тақырыбында, 15.11. күні Р.Мырзахмедова 10-А сыныбымен «Қарапайым тригонометриялық теңдеулерді шешуге есептер шығару» тақырыбында, А. Иманбердиева 7-Ә сыныбымен «Мәтіндік процессордағы кестелер»тақырыбында, 16.11. күні Г.Т.Шертимова 9-А сыныбымен «Арифметикалық прогрессияның n-ші мүшесін табу» тақырыбында, А.Айтбаева 5-Асыныбымен «Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру» тақырыбында, 17.11 күні А.Жұпарбек 6-А сыныбымен «3 Д редактор құралдары» тақырыбында, А.Жарылқадиева 5-Ә сыныбымен «Растрлық кескіндерді жасау және өңдеу» тақырыбында ашық сабақтар өткенін, Г.Шертимова мен А.Жұпарбек 8,9 сыныптар аралығында КОНФЕРЕНЦИЯ сабақ, 5-А,Ә сыныптарымен Ж.Сатышова мен А.Айтбаева сайыс сабақ, 6-А сыныбымен А.Иманбердиева мен А.Жарылқадиева «Информатика әлеміне саяхат»тақырыбында сайыс сабақты қызықты, тартымды өткізе білгендерін, сонымен қатар апталықтың өту барысында барлық пән мұғалімдері өздерінің кәсіби шеберліктерінің жоғары деңгейде екенін ,білімді де білікті және заман талабына сай жаңашыл мұғалім екеніндіктерін дәлелдей білгендерін атап өтті. Апталықты қорыта келе әдістемелік бірлестік жас мамандар мен тәлімгерлер арасындағы байланыс жүйелі жүргізу, озат іс- тәжірибелермен танысып және оны тиімді пайдалану жалғастыру,жаңа әдіс-тәсілдер бойынша жаңа форматтағы сабақтар үлгісін өткізу,әрбір пән мұғалімдері

ғылыми-жобамен жұмыс жүргізілуін қолға алу, апталықта «өте жоғары» деңгейде ашық сабақтар ұйымдастырған пән мұғалімдері: Г.Шертимова мен Р.Мырзахмедова және А.Жұпарбекті аудандық білім бөлімі тарапынан марапаттауға ұсыну, апталықта жақсы ашық сабақтар ұйымдастырған және апталықтың ерекше өтуіне атсалысқан пән мұғалімдері Ж.Сатышова, А.Айтбаева, А.Иманбердиева, А.Жарылқадиеваларды мектеп әкімшілігі тарапынан марапаттау, апталықтың өту барысын «өте жақсы» деп бағалауды ұсынды.

Келесі кезекте сөз алған тарих және география пәндер бірлестігінің жетекшісі С.Пазылова хабарлама жасады. Ол 2022 жылы 5-9 желтоқсан аралығында тарих, география ӘБ пәндер апталығы өткенін, апталық барысында 5 желтоқсан күні: «Жаңа Қазақстан бала көзімен» тақырыбындағы апталықтың ашылу салтанаты болып, апталықтың жоспары лездемеде хабарланып, апталыққа арналған нақыл сөздер, банер, қабырға газеттері, Тарихи тұлғалар, «Төл тарихқа тағзым» атты тарихи бұрыш ілінгенін атап өтті.

5.12.2022 күні тарих пән мұғалімі Пазылова С. 6-Ә сыныбында «Халықаралық байланыстардың дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі» тақырыбында, 7.12.2022 күні география пәні мұғалімі Тұрманов Б. 7-А сыныбында «Дүниежүзілік мұхит суларының және оның қасиеттері» тақырыбында, 7.12.2022 күні тарих пән мұғалімі Орынбаева Ж. 7-А сыныбында «1822-1824 жылдардағы патша реформалары» тақырыбында, 8.12.2022 күні тарих пән мұғалімі Ералиева Н. 6-Б сыныбында «Түріктердің рухани және материалдық мәдениеті» тақырыбында ашық сабақтар өткенін, 7.12.2022 күні тарих пәні мұғалімі Пазылова С. «Менің кіші отаным» атты ғылыми-жобалар байқауын 8-9 сыныптар арасында өткізгенін, байқаудың мақсаты Рабат ауылының тарихымен таныстыру, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру болғанын, оқушылар байқауға өте жоғары дәрежеде дайындалғанын атап көрсетті.

Апталық барысында мектеп оқушылары Тәуелсіз Қазақстанның тарихынан білімдерін толықтырып, жан-жақты тарихи мәліметтерге талқылау жасағанын, апталыққа жақсы қатысқан, жүлделі орын алған сыныптар, оқушыларды мадақтау грамоталармен марапатталғанын атап өтті. Менің кіші отаным атты ғылыми-жобалар байқауында бас жүлдені 9-А сынып оқушылары Рысқұлбек Мерей, Қарсыбаева Мадина, І-орынды 8-А сынып оқушысы Алдан Айым иеленді, ІІ-орынды 8-Ә сынып оқушылары Мақташ Жазира, Серік Аяна, 9-Ә сынып оқушысы Қамбар Ақниет иеленгенін атап өтті.

Шешім:

1. Жас мамандар мен тәлімгерлер арасындағы байланыс жүйелі жүргізілсін.
2. Озат іс- тәжірибелермен танысып және оны тиімді пайдалану жалғастырылсын.
3. Жаңа әдіс-тәсілдер бойынша жаңа форматтағы сабақтар үлгісін өткізу жалғасын тапсын.
4. Әрбір пән мұғалімдері ғылыми-жобамен жұмыс жүргізілуін қолға алсын.
5. Апталықта «өте жоғары» деңгейде ашық сабақтар ұйымдастырған пән мұғалімдері: Г.Шертимова мен Р.Мырзахмедова және А.Жұпарбек, С.Пазылова аудандық білім бөлімі тарапынан марапаттауға ұсынылсын.
6. Апталықта жақсы ашық сабақтар ұйымдастырған және апталықтың ерекше өтуіне атсалысқан пән мұғалімдері: Ж.Сатышова, А.Айтбаева, А.Иманбердиева, А.Жарылқадиевалар, Тұрманов Бауыржан, Орынбаева Жазира, Ералиева Нағима мектеп әкімшілігі тарапынан марапатталсын.
7. Апталықтың өту барысы «жақсы» деп табылсын.

3.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша әлеуметтік педагог Ж.Арибжанова хабарлама жасады. Ол 1%- қор есебінен тамақтануға жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген отбасы балалары,көп балалы және толық емес отбасы балалары ыстық тамақпен қамтамасыз етілетіндігін айтып өтті.Сынып жетекшілер, әлеуметтік педагогтар оқушыларды санаттарға талдай келе, ата-аналардың өтініштері бойынша тізімдегі оқушыларды ұсынды.

1-7 сынып аралығында аз қамтамасыз етілген,көп балалы отбасынан шыққан жартылай жетім және толық емес отбасы балаларынан , 30 оқушы 1%-қор есебінен бір мезгіл ыстық тамаппен қамтамасыз етілетіндігі туралы айтылды. Сынып жетекшілер тарапынан ұсыныс етілген оқушылар Мажитова Аяна, Мажитова Диана, Орынбасар Ғалия демеушілер тарапынан ұйымдастырылатындығы туралы айтылды.

Жоғарыда ыстық тамақпен қамтамасыз етілуге ұсынылған оқушылар тізімін бекіту туралы бір ауыздан мақұлданды.

Шешім:

1.Төменде аты аталған күнкөрісі төмен отбасындағы оқушылар бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін:

р/с	Оқушының аты -жөні	сыныбы	Әлеуметтік жағдайы	Сынып жетекшісі
1	Шахтыбай Нұрахмет	2 ә	Жартылай жетім	Р.Көбеева
2	Талап Балауса	4 а	Көп балалы	А.Қуатова
3	Садуахас Еркежан	3 ә	Көп балалы	Г.Исакулова
4	Нарынбек Балзере	1 а	Патранаттық тәрбие	Н.Пернебаева
5	Мақсұт Айида	4 ә	Көп балалы	Г.Сәрсенова
6	Шералы Аяна	4 б	Көп балалы	Р.Түлебаева
7	Мұхтар Саят	2 ә	Көп бала	Р.Көбеева
8	Әлішер Еркебұлан	1 ә	Жартылай жетім	Н.Пернебаева
9	Қалмаханов Нұралы	4 ә	Көп бала	Г.Сәрсенова
10	Абдрахман Аңсаған	3 б	Көп бала	Э.Турғанова
11	Нарынбек Айзере	2 ә	Патранаттық тәрбие	Р.Көбеева
12	Әбсемет Риана	3 ә	Жартылай жетім	Г.Исакулова
13	Тошаева Балауса	4 б	Патранаттық тәрбие	Р.Түлебаева
14	Әмір Айша	2 ә	Аз қамтама	Р.Умбеталиева
15	Әмір Толғанай	6 б	Аз қамтама	Б.Абдукаликова
16	Құрал Назгул	4 б	Көп бала	Р.Түлебаева
17	Ахмет Алтынай	2 а	Көп бала	Р.Умбеталиева

18	Бауыржан Айсултан	3 а	Көп бала	Р.Көбеева
19	Күмісбек Ләйла	3 б	Аз қамтама	Э.Турғанова
20	Арипбай Каусар	4 б	Аз қамтама	Р.Түлебаева
21	Құрал Бақдаулет	6 а	Аз қамтама	Г.Омартай
22	Садуақас Алмат	1 ә	Көп бала	Л.Мейрбекова
23	Байтурсын Ерназар	1 б	Жарты жетім	К.Бейсенбаева
24	Ниязбек Аймира	2 а	Жартылай жетім	Р.Умбеталиева
25	Лес Мақсат	6 а	Көп бала	Г.Омартай
26	Шалқарова Еркежан	3 б	Жартылай жетім	Э.Турғанова
27	Аманжол Аян	3 а	Көп бала	Б.Жанбиров
28	Нұрлыбай Нурислам	3 б	Көп бала	Э.Турғанова
29	Нұрлыбай Ерасыл	7 ә	Көп бала	Г.Шертимова
30	Амалбек Даулет	2 а	Көп бала	Р.Умбеталиева

2.Оқушылардың сапалы ыстық тамақпен уақытында тамақтануын үйлестіру әлеуметтік педагогтың уақытша міндетін атқарушы У.Джаксибаеваға жүктелсін.

4.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектеп директоры Е.Оспанов хабарлама жасады. Ол Түркістан облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 09.11.2022 жылғы №818 бұйрықпен бекітілген, 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының кестесінде, мектебіміздің сәуір айында аттестациядан өтетіні туралы көрсетілгенін, аттестаттау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары негізінде жүргізілетіні туралы атап өтті. Сонымен қатар оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары келесі нақты өлшеуіштерге сәйкес жүзеге асырылады:

- оқыту нәтижелерін бағалау 4 және 9 сыныптардың білімалушылары арасында білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тестілеу мәселелері жөніндегі ұйым әзірлеген компьютерлік форматтағы кешенді тестілеу технологиясы бойынша жүргізіледі;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша, көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін айқындау мақсатында ата-аналардан, 4,9 сынып оқушыларынан, мұғалімдерден және мектеп алды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің ата-аналарынан сауалнама алынады;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары арқылы бағаланатынын атап өтті.

Осыған сәйкес компьютерлік форматтағы кешенді тестілеуді өткізу үшін интернетпен жабдықталған компьютерлік сынып бөлмелерін дайындау жұмыстары информатика пәнінің мұғалімдері мен жүйе әкімшісі Қ.Ақшабайға жүктеуді ұсынды. Сонымен қатар сауалнама алу үшін «телеграмм» каналына 4.9 сынып оқушыларын, мад топтарындағы және 4,9 сынып оқушыларының ата-аналарын, мұғалімдердің тіркеліп ортақ чат ашу жұмыстарын, интернет

желісіне қойылатын ақпараттық материалдарды жинақтауды үйлестіруді мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Нуржановқа, сынып жетекшілеріне, бірлестік жетекшілеріне тапсыруды ұсынды.

Шешім:

1. Компьютерлік форматтағы кешенді тестілеуді өткізу үшін интернетпен жабдықталған компьютерлік сынып бөлмелерін дайындау жұмыстары информатика пәнінің мұғалімдері мен жүйе әкімшісі Қ.Ақшабайға жүктелсін.
2. Оқушылардан, ата-аналардан, мұғалімдерден сауалнама алу үшін «телеграмм» каналына 4.9 сынып оқушыларын, мад топтарындағы және 4,9 сынып оқушыларының ата-аналарын, мұғалімдердің тіркеліп ортақ чат ашу жұмыстарын үйлестіру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Нуржановқа және 4,9 сынып жетекшілеріне жүктелсін.
3. Интернет желісіне қойылатын ақпараттық материалдарды жинақтауды үйлестіру мектеп директорының орынбасарлары С.Нуржанов, Г.Муздыбаева, Қ.Нарбаева, Ш.Байшановаға және мектеп кітапханашысы Н.Дәрменова, әлеуметтік педагогтар Ж.Арибжанова мен Ж.Жиренбаеваға, мектеп психологтары Г.Мырзахметова мен У.Джаксыбаеваға жүктелсін.

5.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мұздыбаева хабарлама жасады. Ол 1 сынып оқушыларына ақпан айында қосымша бір апта демалыс берілетінін, ал МАД топтарына демалыс беру қаралмағанын айта келіп, үшінші тоқсанның ұзақтығын ескере отырып ақпан айында 1-ші сыныппен қатар МАД топтарына да 7 күндік қосымша демалыс беруді ұсынды. Мектеп ұжымы ұсынысты бірауыздан қолдады.

Шешім:

1. МАД топтарына ақпан айында (6-12 ақпан аралығында) қосымша демалыс аптасы берілсін;

6.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектеп кітапханашысы Н.Дәрменова хабарлама жасады. Ол 2022 – 2023 оқу жылында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектебімізде атқарылған жұмыстар жайлы тоқталып өтті. Атап айтқанда мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы «Оқуға құштар мектеп» жобасын орындау аясында түрлі көркем әдебиеттер тізімін ерікті түрде оқуға және электронды дәуірдегі көркем әдебиеттермен жұмыс жасауға және құнды көркем әдебиеттер мен шет ел әдебиеттерінің аудармаларын ұстаздар мен оқушыларға жоба бойынша жұмыс жасауға тапсырма берілген болатын. Жоба аясында мектепте өскелең ұрпақтың оқу сауаттылығын арттыру, оқу мәртебесін, оқу белсенділігін және оқу саласын арттыру, балалар мен жастардың мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту, көркем шығармаларды оқуды насихаттау, сонымен бірге жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және рухани – адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында іс-шара жоспары түзіліп жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілуде.

Оқушылардың әлем әдебиеті классиктерінің шығармаларына қолы жете бермейтін болғандықтан бастауыш сыныптарымыздың сынып жетекшілері сыныптан тыс «Оқуға құштар мектеп» атты тақырыпта көрме ұйымдастырып, оқушыларымыз өздерінің жеке кітапханасында жинақталған түрлі ертегі кітаптар, мақал-мәтелдер, Абайдың қара сөздері жинақталған кітапшалар, қызықты әңгіме жинақтарымен өз сыныптастарымен бөлісті. Атап айтқанда 3-4 сыныптар бір – бірлеріне өздерінің оқып шыққан ертегілерімен, әңгіме жинақтарымен бөлісуде .

Мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімдері «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітап көрмелерін ұйымдастырды. Көрмелерге Абайдың қара сөздері, өмір

деректері, қызықты ертегілер мен мақал – мәтелдер, көркем әдебиеттер және анықтамалықтар жинақтары қойылды.

5-10 сынып оқушылары Ахмет Байтұрсыновтың өмірдеректерін, әңгімелерін, мысал өлеңдерін, Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» атты кітабын, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Шәкірт ойы», «Шығамын тірі болсам адам болып», «Алаш туы», «Мен Қазақпын» атты шығармалары мен өлеңдерін, І.Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасын, Айгүл Кемелбекованың «Шашты» әңгімесінің желісінде жазылған көркем шығарманы, Мұхтар Мағауиннің «Шақан шері» романын және тағы басқа шығармалармен танысты. Мектебіміздің түлегі болған спортшы, Қасқаев Заңғар мектебімізге 50 мың теңге қаржы демеушілік жасап Санжар Керімбайдың «Отбасы хрестоматиясы» кітаптар жиынтығы мектебімізге жеткізілді. Келіп түскен кітаптардың данасы - 20

Мектепішілік «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша ұйымдастырылған акцияда ұстаздар қауымы өз жеке кітапханаларынан жалпы саны – 44 дана кітаптарды сыйға тартты. 2023 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында қазақ жазушысы, драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдіктің шығармалары оқуға ұсынылғанын атап өтті. Келесі кезекте сөз алған мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Нарбаева соңғы кездері кітапхананың жабық болып, оқушылардың кітапханашы апайды іздеуі жиілеп кеткенін атап өтті. Келесі кезекте мектеп директоры «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бір ғана акциямен шектелмей алдағы уақытта акцияны қайта өткізіп кітапханадағы оқулықтың санын арттыру, оқушыларды кітапханаға тускен жаңа кітаптармен таныстыру, қызықтыру жұмыстарын жандандыру жұмыстарын жүйелендіру қажеттілігі туралы ескертіп өтті.

Шешім:

1. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханашысы Н.Дәрменованың жұмысы бақылауға алынсын;
2. Н.Дәрменованың жұмыс барысында жіберілген олқылықтары үшін «ескерту» берілсін;
3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Нарбаеваға жүктелсін;

7.Тыңдалды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Нуржанов хабарлама жасады. Ол,«Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік санаттарын беруге (растауға) үміткер педагогтер туралы қысқаша ақпарат беріп өтті. Атап айтқанда:

Жұпарбек Ақтолықын Кенжебекқызы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін 2001 жылы Математика және информатика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 2002 жылдан бастап осы Қ.Әбділиев мектебінде математика және информатика пәні мұғалімі болып жұмыс жасап келеді. Өзінде бар біліктілік санаты «педагог-сарапшы». Жаратылыстау пәндерінде ағылшын тілін кіріктіріп өту бағдарламасының ағылшын тіліндегі В2 деңгейін аяқтаған.. Түрлі байқаулар мен «Ұстаз тілегі» ғылыми әдістемелік орталығы ұйымдастырған вебинарда

«PISA халықаралық зерттеуі» тақырыбындағы жұмысы жарияланған. Бүгінгі таңда информатика пәнінен сабақ береді. Пәні бойынша аудандық және облыстық семинарларда сабақ өткен. Оқушыларды түрлі сайыстарға, байқауларға қатыстырып, оқушылары нәтижелі орындарға ие болған. Халықаралық облыстық ғылыми-әдістемелік баспаларға мақалалары жарияланған.

Турманов Бауржан Амирович Абай атындағы Алматы Мемлекеттік Университеті 1994 жылы География –биология пәндерінің оқытушысы мамандығы бойынша бітірген. Педагогикалық еңбек өтілі 26 жыл. 2009 жылдан бастап осы Қ.Әбдіәлиев мектебінде география пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасап келеді. Өзінде бар біліктілік санаты «педагог-сарапшы». Жұмыс барысында 2018, 2019, 2019, 2022ж. Мектеп директорының алғыс хаттарымен, 2021-2022ж. Республикалық «Алтын ұрпақ» олимпиадасынан «Алғыс хат», 2021 ж. Қазығұрт ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінен III дәрежелі дипломымен, 2021ж. Республикалық «Алтын ұрпақ» олимпиадасынан I дәрежелі дипломымен, 2020ж. «Ең білімді педагог-2020» байқауында III орын алғаны үшін дипломмен марапатталған.

Бекназаров Максат Икрашович Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін 1998 жылы Кәсіби еңбекке баулу мамандығы бойынша бітірген. Педагогикалық еңбек өтілі 28 жыл. 1999 жылдан бастап осы Қ.Әбдіәлиев мектебінде көркем еңбек пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасап келеді. Өзінде бар біліктілік санаты «педагог-сарапшы». Жұмыс барысында 2017ж «Ұлы Дала Елінің шеберлері» тақырыбындағы аудандық байқау көрмесінде аудан әкімінің алғыс хатымен, 2018ж «Туған жерге тағзым» өнер фестивалінде мадақтама грамотасымен, 2018ж «Нұрсұлтан» Республикалық оқу орталығынан алғыс хаты, 2018ж Облыстық кәсіподақ комитетінің «Құрмет грамотасы», 2019ж Түркістан облысы білім басқармасынан «Мадақтама», 2022ж Қазығұрт аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің алғыс хатымен, 2022ж Қазығұрт аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің алғыс хатымен, 2022ж мектеп директорының алғыс хатымен марапатталған.

Таукеев Марат Талапович М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін 1999 жылы Алғашқы Әскери және Технологиялық Дайындығының жетекшісі, оқытушысы пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Педагогикалық еңбек өтілі 10 жыл. 2013 жылдан бастап осы Қ.Әбдіәлиев мектебінде Алғашқы Әскери және Технологиялық Дайындығының жетекшісі, оқытушысы пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасап келеді. Жұмыс барысында 2018ж Қазығұрт ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлім бастығының грамотасымен, 2019 жылы мадақтама грамотасымен, Әскери оқу- дала жиындарында жоғары сынып оқушылары арасында үздік нәтижелеріне жетіп 2-орын иеленгені үшін мадақтама грамотасымен, 2021ж. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай «Рухани жанғыру» жобасы аясында мектеп директорының алғыс хатымен марапатталған. 2018ж ҚР «Құрмет-АВ» ҚБ №01-00012 шешімімен бекітілген «Қарулы Күштердегі қызмет үшін» медалімен, 2021 жылы «За заслуги в патриотическом воспитании молодежи» атты медалімен наградталған.

Орынбаева Жазира Намазбаевна Оңтүстік Қазақстан Педагогика Университетін 2005 жылы Тарих және география пәндерінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Педагогикалық еңбек өтілі 18 жыл. Өзінде бар біліктілік санаты «педагог-сарапшы». Еңбек жолын 2005 жылдан Шымкент қаласы №68 жалпы орта мектебінен тарих пәні мұғалімі болып бастап, 2013 жылдан бастап Қ.Әбдіәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде қосымша білім беру педагогы қызметіне тағайындалды. 2018-2019 жылдары

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған. Бүгінгі таңда тарих және география пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасауда. Пәні бойынша аудандық семинарларда сабақ өтіп, аудандық, облыстық семинарларға қатысып, өзінің білімін үздіксіз жетілдіріп отыратын білікті маман. 2022-2023 оқу жылында өзінің пәні бойынша мұғалімдердің аудандық олимпиадасына қатысып жүлделі 3-ші орынды иеленген. Түрлі байқаулар мен олимпиадаларға қатысқан оқушылары нәтижелі орындарға ие болды. Республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік баспаларға мақалалары жарияланған. Оқушыларының жетістіктері: 2021 жылы Халықаралық білім беретін ғылыми-әдістемелік, шығармашылық бағыттағы «TutorUp» онлайн оқу орталығының ұйымдастыруымен балалар және жасөспірімдер арасында өткен «ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҰЛАНЫМЫН» атты халықаралық байқаудың I дәрежелі Диплом иегері Талап Жанерке Маратқызы, 2022 жылы «Altyn bilim kilty» әдістемелік ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен жалпы білім беретін пәндер бойынша 2-8 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиадасының «Үздік оқушы» номинациясының иегері, I дәрежелі Дипломымен Ибрахим Шұғыла, 2022 жылы «Altyn bilim kilty» әдістемелік ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен «Ашық алаң» Республикалық интеллектуалдық оқушылар арасындағы турнирінде I дәрежелі Дипломмен Исмайл Алуа Шойбекқызы, 2022жылы «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен ұйымдастырылған жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың Республикалық онлайн олимпиадасының II дәрежелі Дипломымен 9 сынып оқушысы Багиров Сейран, 2022жыл Қазығұрт ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты жалпы білім беретін мектептердің 9-11 сынып оқушылары арасында өткен Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде III дәрежелі Дипломмен 11 сынып оқушысы Мелдебек Жақсылық марапатталған.

Ералиева Нагима Мусаевна ШӘПУ 2010 жылы тарих пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Педагогикалық еңбек өтілі 6 жыл. 2015 жылдан бастап осы Қ.Әбдәлиев мектебінде үйірме жетекшісі және тарих пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасап келеді. Жұмыс барысында 2018ж Астана қаласының 20 жылдық мерейтойына орай білім беру ұйымдарының педагогтерімен оқушылары арасында өткен «Инновациялық технологиялар білім сапасын арттырудың басты құралы» атты Халықаралық байқауға қатысып III дәрежелі дипломмен марапатталған. Республикалық педагогикалық ғылыми басылымға «Ақ Орда мемлекеті» тақырыбында мақала жариялағаны үшін Құрмет грамотасымен марапатталған. 2018ж «Ақбура суының емдік қасиеті» тақырыбында мектепшілік ғылыми жоба сайысында шәкірті Алқадыр Мерей III-орынды иеленді

Мектепшілік жас ұстаздар арасында өтілген мектепшілік жас ұстаздар онкүндігінде «Ізденімпаз ұстаз» номинациясымен, мектеп директорының грамотасымен марапатталды.

Жұман Айгүл Дүйсенбекқызы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетін 2017 жылы «Дефектология» мамандығы бойынша бітірген. Педагогикалық еңбек өтілі 9 жыл. 2014 жылдан бастап осы Қ.Әбдәлиев мектебінде дефектолог болып жұмыс жасап келеді. Жұмыс барысында Қазығұрт аудандық «Үздік дефектолог» және облыстық «Үздік дефектолог» байқауларына қатысып бас жүлделерге ие болған. 2015 жылы Облыстық «Өрлеу» біліктілікті арттыру және мұғалімдерді қайта даярлау орталығы жанындағы баспада жарияланған кітапта мақаласы жарияланған. 2018 жылы «БІЛІМ САНАТЫ» республикалық ақпараттық электронды журналына «Р дыбысын сөзде айтуға машықтандыру» тақырыбындағы ашық сабағының электронды нұсқасын жарияланған. «Білімді ұлт-тұрақты даму кепілі» тақырыбындағы білім беру қызмет-керлерінің аудандық тамыз кеңесінде құнды баяндама жасап, өзінің жоғарғы дәрежедегі тәжірибесі және инновациялық идеяларымен бөліскені үшін аудандық білім бөлімінің алғыс хатымен марапатталған.

Арибжанова Жулдыз Есенгелдиевна Шымкент аймақтық әлеуметтік педагогикалық университетін 2016 жылы Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мамандығы бойынша бітірген. Педагогикалық еңбек өтілі 16 жыл. 2007 жылдан бастап осы Қ.Әбдәлиев мектебінде әлеуметтік педагог болып жұмыс жасап келеді. Жұмыс барысында 2021ж аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің алғыс хатымен, 2022ж мектеп директорының алғыс хатымен марапатталған.

Жорабекова Салтанат Бекбаевна Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтын 2014 жылы физика пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Педагогикалық еңбек өтілі 5 жыл. 2018 жылдан бастап мектепте физика пәнінен сабақ жүргізіп келеді. Оқушыларды олимпиадаға дайындау, ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын жүйелі ұйымдастырып келеді. Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты жалпы білім беретін мектептердің 9-11 сынып оқушылары арасында өткен Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде оқушысы физика пәні бойынша жүлделі II орынға ие болғаны үшін марапатталған. 2023 ж. Республикалық «Білім айнасы» газетінің www.bilimainasy.kz сайтында «Оқушылардың физикалық ойлау мен шығармашылық қабілеттерін арттыру» тақырыбында мақаласы жарияланған.

Арынова Жұлдызай Курманбековна ОҚПУ 2007 жылы Шетел тілі: екі шет тілі мамандығы бойынша бітірген. Педагогикалық еңбек өтілі 16 жыл. 2008 жылдан бастап мектепте ағылшын тілі пәнінен сабақ жүргізіп келеді. 2018 ж «Ақжелкен» үш тілде білім беру орталығы мақтау қағазымен, 2020 ж «USTAZ TILEGI» Республикалық ғылыми әдістемелік орталығының II – дәрежелі дипломымен, 2022 ж «Алаш рухының айбынын асырған аңыз тұлға Шер-Аға!» атты сырттай эссе жазу III- дәрежелі дипломмен, 2022 ж «Ағылшын тілі сабағында жаңа әдіс тәсілдер арқылы оқушының сөйлеу дағдысын қалыптастыру» тақырыбындағы аудандық семинарда үздік тәжірибесімен бөліскені үшін аудандық білім бөлімінің алғыс хатымен марапатталған. 2023 ж Республикалық ғылыми-танымдық БІЛІМ АЙНАСЫ журналында материалы жарияланған.

Түлебаева Райхан Скандаровна М.Сапарбаев атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық институтын 2012 жылы «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша бітірген. Педагогикалық еңбек өтілі 8 жыл. 2016 жылдан бастап мектепте бастауыш сыныпта сабақ жүргізіп келеді. Бастауыш сынып бойынша олимпиада, байқауларға қатысқан. Оқушылары мектепшілік, аудандық, облыстық, Республикалық байқауларға қатысып түрлі дәрежедегі нәтижелі орындарға ие болған. Республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналдарға мақалалары жарияланған. 2021 жылы бастауыш сынып мұғалімдер олимпиадасында жеңімпаз болғаны үшін 2-ші дәрежелі дипломмен марапатталған.

Куатова Айгүл Бексариевна «Мирас» университетін 2005 жылы «Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі» мамандығы бойынша бітірген. Педагогикалық еңбек өтілі 13 жыл. 2010 жылдан бастап мектепте бастауыш сыныпта сабақ жүргізіп келеді. Бастауыш сынып бойынша олимпиада, байқауларға қатысқан. 2019, 2020 жылдары облыстық байқаулардан алғыс хаттармен марапатталған. . Республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналдарға мақалалары жарияланған. Оқушылары түрлі дәрежедегі байқауларға қатысып жүлдегер атанған.

Сарсенова Гаухар Абидуллаевна Гулистан Мемлекеттік Университетін 1995 жылы бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша бітірген (нострификациядан өткен). Педагогикалық еңбек өтілі 27 жыл. 2011 жылдан бастап осы Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс жасап келеді. Өзінде бар біліктілік санаты «педагог-модератор». Жұмыс барысында аудандық білім бөлімінің, бірнеше рет мектеп директорының алғыс хаттарымен марапатталған. 2020ж. «Ең білімді педагог-2020» атты облыстық пән олимпиадасының II орын иегері.

Тагаев Жандарбек Абдималикович Шымкент әлеуметтік -педагогикалық университетін 2006 жылы Тарих және география мамандығы бойынша бітірген. Педагогикалық еңбек өтілі 13 жыл. 2010 жылдан бастап осы Қ.Әбдәлиев мектебінде тарих және география пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасап келеді. Өзінде бар біліктілік санаты «педагог-модератор». Жұмыс барысында 2019 ж. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауын халық арасында насихаттау мен ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін аудан әкімінің алғыс хатымен, 2019 ж. Білім беру жүйесінде, сала қызметкерлерін әлеуметтік қорғауда атқарған мүлтіксіз және белсенді еңбегі үшін облыстық кәсіподақ комитетінің құрмет грамотасымен, 2018 жылы Республикалық ғылыми-танымдық «Білім айнасы» газеті мен Bilimainasy.kz сайтында жан-жақты педагогикалық кәсібилігімен ерекшеленіп, берік әріптестік қарым-қатынас орнатқаны үшін алғыс хатпен және мектеп директорының алғыс хаттарымен бірнеше рет марапатталған.

2018 ж. Оқушылардың кіші ғылым академиясының облыстық сырттай байқауының өлкетану секциясы бойынша қатысқан 11 сынып оқушысы Құрасбек Көркем I дәрежелі дипломмен, 2022 және 2023жылдары оқушылар арасында өткізілген аудандық пән олимпиадасында оқушысы Сапарбек Аяулым 2 жыл қатарынан III орын иеленіп мақтау грамоталарымен марапатталған.

Дос Куләш Исламқызы Халықаралық Қазақ-Түрік университетін 1994 жылы орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Педагогикалық еңбек өтілі 31 жыл. 1992 жылдан бастап осы Қ.Әбдәлиев мектебінде орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасап келеді.

Жұмыс барысында пәні бойынша аудандық семинарларда сабақ өтіп іс-тәжірибесімен бөлісіп отырады. Республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік баспаларға мақалалары жарияланған. 2019 жылы облыстық мұғалімдер олимпиадасында II орын алған. 2020 жылы орыс тілі пәні мұғалімдерінің бірлесе әзірлеген «Методы развития орфографической зоркости учащихся на уроках русской речи» тақырыбындағы авторлық бағдарламалары үздік деп бағаланған. Бірнеше рет мектеп директорының алғыс хаттарымен марапатталған.

Пазылова Сандугаш Маликовна Халықаралық Қазақ-Түрік университетін 2008 жылы Тарих және география пәндерінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Педагогикалық еңбек өтілі 20 жыл. 2016 жылдан бастап осы Қ.Әбдәлиев мектебінде тарих және география пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасап келеді. Жоғары санатты мұғалім. Жұмыс барысында пәні бойынша аудандық семинарларда сабақ өтіп іс-тәжірибесімен бөлісіп отырады. Республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік баспаларға мақалалары жарияланған. 2021 жылы Білім шыңы қоғамдық бірлестігінің Грамотасымен, 2021 ҚР Qaztest.kz сайты мұғалімдер арасында ұйымдастырған Тұңғыш Президент қоры сыйлығының иегері, қазақтың тұңғыш тарих ғылымдарының докторы, профессор Ермұхан Бекмаханұлы атындағы III Республикалық қашықтық олимпиадасының II дәрежелі Дипломымен, 2021 жылы Қазақстандық-Ресейлік «Дамыту» мұғалімдер қауымдастығы жобасы ұйымдастырған I Республикалық олимпиаданың Дипломымен марапатталған.

Борханова Улбосын Жайлауовна Шымкент әлеуметтік педагогикалық университетін 2004 жылы Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі мамандығы бойынша бітірген. Педагогикалық еңбек өтілі 19 жыл. 2011 жылдан бастап осы Қ.Әбдәлиев мектебінде МАД тобының тәрбиешісі болып жұмыс жасап келеді. Жұмыс барысында Ұ.Борханованың, тәрбиеленушілерінің түрлі дәрежедегі байқауларға қатысқандары үшін алғыс хаттармен марапатталған.

Шешім:

1. Өзінде бар «Педагог-модератор» біліктілік санатын растауға ұсынылады:
 1. Тулебаева Райхан Скандаровна Бастауыш сынып мұғалімі
 2. Куатова Айгул Бексариевна Бастауыш сынып мұғалімі
2. Өзінде бар «Педагог-сарапшы» біліктілік санатын растауға ұсынылады:
 1. Турманов Бауржан Амирович География пәнінің мұғалімі
 2. Бекназаров Максат Икрашович Технология пәнінің мұғалімі
 3. Дос Куләш Исламқызы Орыс тілі пәнінің мұғалімі
3. Мерзімінен бұрын «Педагог- зерттеуші» біліктілік санатын беруге ұсынылады:
 1. Жұпарбек Ақтолқын Кенжебекқызы информатика пәнінің мұғалімі
4. Мерзімінен бұрын «Педагог-сарапшы» біліктілік санатын беруге ұсынылады:
 1. Сарсенова Гаухар Абидуллаевна бастауыш сынып мұғалімі
 2. Тагаев Жандарбек Абдималикович тарих пәнінің мұғалімі
5. «Педагог-модератор» біліктілік санатын беруге ұсынылады:
 1. Таукеев Марат Талапович Алғашқы Әскери және Технологиялық дайындығының жетекші пән мұғалімі
 2. Ералиева Нагима Мусаевна Тарих пәнінің мұғалімі
 3. Жұман Айгүл Дүйсенбекқызы педагог-дефектолог
 4. Арибжанова Жұлдыз Есенгелдиевна әлеуметтік педагог
 5. Жорабекова Салтанат Бекбаевна физика пәнінің мұғалімі
 6. Арынова Жұлдызай Курманбековна ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
6. «Педагог-сарапшы» біліктілік санатын беруге ұсынылады:
 1. Борханова Улбосын Жайлауовна мектеп алды даярлық тобының тәрбиешісі
7. «Педагог-зерттеуші» біліктілік санатын беруге ұсынылады:
 1. Орынбаева Жазира Намазбаевна Тарих және география пәнінің мұғалімі
 2. Пазылова Сандугаш Маликовна география пәнінің мұғалімі

Кеңес төрағасы:

Е.Е.Оспанов

Хатшы:

Г.Мырзахметова

«Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Хаттама №3/1

Рабат ауылы

26.01.2023ж.

Педагогикалық кеңес мәжілісі

Төрағасы – Е.Оспанов

Хатшысы – Г.Мырзахметова

Қатысқандар – 67 адам

Күн тәртібінде:

1. 1994-1995 оқу жылында Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебін бітірген Темирбаева Жанерке Бегимкуловнаның «Жалпы орта білім туралы аттестатының» жоғалуына байланысты, орнына дубликат беру туралы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Нуржанов хабарлама жасады. Ол, 1994-1995 оқу жылында Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебін бітірген Темирбаева Жанерке Бегимкуловнаның «Жалпы орта білім туралы аттестатының» жоғалуына байланысты, орнына дубликат беру туралы өтінішін қанағаттандыруды сұранды.

Педкеңес қаулы етеді:

- 1.2. 1994-1995 оқу жылында Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебін бітірген Темирбаева Жанерке Бегимкуловнаның «Жалпы орта білім туралы аттестатының» жоғалуына байланысты, орнына дубликат берілсін.
- 1.3. Осы қаулыны бекіту аудандық білім бөлімінен сұралсын.

Мәжіліс төрағасы:

Е.Е.Оспанов.

Хатшысы:

Г.Мырзахметова